

Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы "Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары туралы" N 19-131-IV шешіміне толықтыру енгізу туралы

Күшін жойған

Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2010 жылғы 22 желтоқсандағы N 40-269-IV шешімі. Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал ауданының Әділет басқармасында 2011 жылғы 25 қаңтарда N 14-7-135 тіркелді. Күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 2013 жылғы 29 наурыздағы N 15-90-V шешімімен)

Ескерту. Күші жойылды - (Оңтүстік Қазақстан облысы Мақтаарал аудандық мәслихатының 29.03.2013 N 15-90-V шешімімен).

«Салық және бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер туралы» (Салық Кодексі) Қазақстан Республикасының 2008 жылғы 10 желтоқсандағы Кодексінің 387-бабының 1-тармағына сәйкес аудандық мәслихат **ШЕШТІ:**

1. «Елді мекендердің жерлеріне салынатын базалық салық ставкалары туралы» Мақтаарал аудандық мәслихатының 2009 жылғы 19 ақпандағы № 19-131-IV шешімінің (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде 14-7-74 нөмірмен тіркелген, 2009 жылғы 27 наурыздағы «Мақтаарал» газетінде ресми жарияланған) 1-тармағындағы «автотұраққа», деген сөзден кейін «паркингке,» деген сөзбен толықтырылсын.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланғаннан кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Аудандық мәслихат сессиясының төрағасы: А. Шнетов

Аудандық мәслихаттың хатшысы: Ж. Әбдәзімов